

«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD докторант Джумагазиева Орынгул Дженисбековнаның
 «Ауруды басқару бағдарламасында мейіргердің ұйымдық және басқару механизмдерінің негіздемесін әзірлеу»
 тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№р/н	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету) 3) диссертация <u>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Диссертация мазмұны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 30 наурыздағы №49 бұйрығымен бекітілген «Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарының стандартына» және 2013 жылғы 5 сәуірдегі №211 бұйрығымен бекітілген «Созылмалы инфекциялық емес ауруларды басқару бағдарламасын енгізу туралы» нормативтік құжаттардың талаптарына толық сәйкес келеді, сондай-ақ 2025–2030 жылдарға арналған мейіргер ісін дамыту жөніндегі Жол картасының негізгі басымдықтарымен үйлеседі. Жұмыс халық денсаулығын нығайтуға, алғашқы медициналық-санитариялық көмек жүйесінде ауруларды басқару бағдарламасын жетілдіруге және мейіргерлік қызметтің тиімді моделін дамытуға бағытталған өзекті әрі ғылыми-практикалық маңызы жоғары зерттеу болып табылады.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы алынған нәтижелер мен ұсыныстар арқылы айқын дәлелденген және ашылған. Автордың зерттеуі Қазақстан Республикасының алғашқы медициналық-санитариялық көмек жүйесінде ауруларды басқару бағдарламасын жетілдіру мәселелеріне арналған және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарымен үйлеседі. Зерттеу барысында мейіргерлік қызметті ұйымдастыру мен басқарудың ғылыми негізделген тәсілдері ұсынылған, бұл медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Ұсынылған мейіргер қызметінің моделі практикалық маңызы жоғары болып табылады және оны денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіне енгізуге болады. Диссертация нәтижелері қоғамдық денсаулық сақтау және мейіргер ісі саласындағы ғылыми білім қорын толықтырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Диссертация автордың дербес ғылыми еңбегінің нәтижесі болып табылады және зерттеу барысында алынған мәліметтерді жүйелеу, талдау және интерпретациялау автордың жеке қатысуымен жүзеге асырылғаны байқалады. Жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді, мәтін мазмұны бірізді, логикалық байланыста баяндалған. Теориялық және практикалық материалдар авторлық талдаумен

			толықтырылған, статистикалық деректерді өңдеу мен қорытындылау барысында автордың жеке ғылыми көзқарасы анық көрінеді. Бұл диссертациялық зерттеудің өз бетінше орындалғанын және автордың ғылыми-зерттеу дағдыларының жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация негіздемесі: 1) Негізделген; 2) Ішінара негізделген; 3) Негізделмеген. өзектілігінің	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі толық әрі дәйекті негізделген. Жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саясатын жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік стратегиялармен және халықаралық ұсынымдармен сабақтасып отыр. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс ҚР Денсаулық сақтау министрінің созылмалы аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығында айқындалған пациентке бағдарланған, командалық және үздіксіз күтім қағидаттарын ғылыми тұрғыда негіздеуге бағытталған. Автор мейіргердің ұйымдық-басқарушылық қызметін күшейту қажеттілігін Ауруларды басқару бағдарламасын іске асыру барысындағы нақты жүйелік олқылықтармен байланыстыра отырып дәлелдейді. Бұл диссертациялық зерттеудің өзектілігін денсаулық сақтау жүйесінің қазіргі даму кезеңі тұрғысынан маңызды және уақтылы ғылыми жұмыс ретінде сипаттайды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оны айқындайды.

		<u>1) Айқындайды;</u> 2) Ішінара айқындайды; 3) Айқындамайды.	Жұмыстың барлық бөлімдері ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асырудағы мейіргердің ұйымдық және басқарушылық қызметін зерделеуге бағытталған. Теориялық талдау, эмпирикалық зерттеу нәтижелері мен қорытындылар диссертация тақырыбын ашуға және негіздеуге мүмкіндік береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <u>1) сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен зерттеу міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және өзара логикалық байланыста қалыптастырылған. Зерттеу мақсаты ауруларды басқару бағдарламасын іске асырудағы мейіргердің ұйымдық және басқарушылық қызметін ғылыми тұрғыда негіздеуге бағытталған, ал қойылған міндеттер аталған мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін негізгі теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілерді қамтиды. Міндеттердің мазмұны диссертация тақырыбын жан-жақты ашуға және зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен қорғауға ұсынылған ережелері өзара толық логикалық байланысқан. Зерттеу құрылымы кіріспеден қорытындыға дейін бірізді сақталып, теориялық талдау, эмпирикалық деректер және қорытындылар арасында жүйелі сабақтастық қамтамасыз етілген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u>	Диссертацияда автор ұсынған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдістер ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, бұрыннан белгілі теориялық және практикалық тәсілдермен салыстырылып бағаланған. Зерттеу барысында алынған нәтижелер

		2) талдау ішінара жүргізілген, 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	отандық және шетелдік ғылыми дереккөздермен салыстырыла отырып талданған. Автор қолданыстағы шешімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетіп, өз ұсыныстарының ерекшеліктерін негіздейді. Алынған деректерге сыни талдау жүргізілуі ұсынылған әдістердің қолданбалы маңызын айқындауға мүмкіндік берген.
5.	Ғылыми принципі жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертациялық зерттеуде алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылған ережелер толығымен жаңа болып табылады. Автор бұрын жүргізілмеген зерттеу бағытын қарастырып, ауруларды басқару бағдарламасын іске асырудағы мейіргердің ұйымдық және басқарушылық рөліне жаңа ғылыми тұрғыдан баға берген. Ұсынылған қағидаттар мен тұжырымдар бұрынғы зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылмаған. Алынған нәтижелер зерттеу объектісіне қатысты жаңа ғылыми білімді қалыптастырады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында алғаш рет Қазақстан Республикасының алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жағдайында ауруларды басқару бағдарламасын жүзеге асырудағы мейіргердің ұйымдық және басқарушылық қызметінің кешенді моделі әзірленді және ғылыми негізделді. Сонымен қатар, созылмалы жұқпалы емес аурулары бар пациенттердің ауруды басқару бағдарламасына қатысуы мен хабардарлығы жыныстық ерекшеліктер тұрғысынан кешенді түрде талданды, бұл бұрын

			отандық ғылыми зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылмаған. Алынған нәтижелер мейіргер қызметін жетілдіруге және АББ тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеу барысында ұсынылған техникалық, технологиялық және басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми негізделген. Олар Қазақстан Республикасының алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесінің нақты жағдайларын ескере отырып әзірленген және алынған эмпирикалық деректермен дәлелденген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыда қарағанда ауқымды дәлелдемелерге <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі қорытындылар кешенді сандық және сапалық талдау нәтижесінде алынған және кең ауқымды дереккөздермен негізделген. Қорытындылардың ғылыми дәлелділігі қолданылған зерттеу әдістерінің негізділігімен, деректердің репрезентативтілігімен және алынған нәтижелердің тұрақтылығымен айқындалады. Осы факторлар зерттеу нәтижелерінің жоғары ғылыми деңгейін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ресми статистикалық деректерге, автор жүргізген сандық және сапалық зерттеулердің материалдарына, сонымен қатар отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жасалған кешенді талдау негізінде алынған. Қорытындылар зерттеу барысында қолданылған әдістердің нәтижелерін жүйелеу және салыстырмалы бағалау арқылы қалыптастырылған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Барлық ұсынылған ережелер мен гипотезалар диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелермен, статистикалық өңделген деректермен және сапалық талдау материалдарымен толық дәлелденген. Зерттеу нәтижелері ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде мейіргер қызметінің ұйымдық және басқару механизмдерінің тиімділігін ғылыми тұрғыда негіздеп растады. Алынған деректер жүйелі түрде өңделіп, талданып, олардың негізгі нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми басылымдарда жарияланған. Диссертациялық зерттеу материалдары төмендегі жарияланымдарда көрініс тапты: Scopus дерекқорына енген халықаралық рецензияланған журналда – 1 мақала; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда – 8 мақала. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми қауымдастықтың талқылауынан өтті. Жарияланған еңбектерде ауруларды басқару бағдарламасындағы мейіргердің рөлі, мультидисциплинарлық тәсілдердің тиімділігі, пациенттердің гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып қатысу деңгейі және мейіргерлік қызмет моделін практикалық іске асыру мәселелері жан-
----	--------------------------------------	---	---

			жақты қарастырылған.
8.	Принцип достоверности Достоверность источников и предоставляемой информации	8.1 Әдістемені таңдау негізделген немесе әдістеме жеткілікті түрде егжей-тегжейлі сипатталған <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Зерттеуде қолданылған әдістеме жеткілікті түрде негізделген және толық сипатталған. Диссертацияда зерттеу дизайны, қолданылған аналитикалық әдістер, бағалау көрсеткіштері және деректерді интерпретациялау тәсілдері нақты көрсетілген. Таңдалған әдістемелік тәсілдер қойылған ғылыми міндеттерді шешуге және тұжырымдалған қорытындыларды дәлелдеуге мүмкіндік береді. Әдістеме ауруларды басқару бағдарламасында мейіргер рөлін бағалау мақсаттарына толық сәйкес келеді және зерттеу нысаны мен міндеттерін шешуге мүмкіндік берді.
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды пайдалана отырып деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынды: <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістер мен цифрлық құралдарды қолдану арқылы алынды. Деректер Excel, SPSS сияқты бағдарламаларда өңделіп, сандық және сапалық талдау жасалды. Электрондық түрде жинақталған сауалнама, сұхбат және бақылау мәліметтері статистикалық тексеруден өтті. Компьютерлік технологиялар зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырып, мейіргер қызметінің тиімді моделін дәлелдеуге мүмкіндік берді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша оқыту бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Зерттеу барысында әзірленген теориялық тұжырымдамалар мен мейіргер қызметінің моделі тәжірибелік (эксперименттік) зерттеулермен дәлелденді және толық расталды. Эксперименттік зерттеу Алматы қаласының алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында ауруларды басқару бағдарламасына

		негізінде дәлелденген): <u>1) иә;</u> 2) жоқ	қатысатын мейіргерлер мен қант диабеті, артериялық гипертензия және созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттер арасында жүргізілді. Зерттеу барысында пациенттердің бағдарламаға қатысуы, хабардарлығы, өзін-өзі басқару деңгейі және медициналық көмекке қанағаттанушылығы, сондай-ақ мейіргерлердің ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметі талданды. Алынған нәтижелер эксперименттік деректермен расталып, ұсынылған теориялық қорытындылар мен модельдердің ғылыми негізділігін дәлелдеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы <u>расталған/</u> ішінара расталған/расталмаған	Зерттеу барысында қазіргі және сенімді ғылыми дереккөздерге негізделген жүйелі әдебиеттік шолу жүргізілді. Талдауға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), Халықаралық диабет федерациясы, OECD, сондай-ақ Германия, Канада, Австралия, Тайвань және Жапония елдерінде жүргізілген заманауи зерттеулер мен рецензияланған ғылыми мақалалар енгізілді. Барлығы 150 дереккөз пайдаланылып, олардың құрамына халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар мен дәлелді медицинаға негізделген әдіснамалық нұсқаулықтар қамтылды. Маңызды мәлімдемелер қазіргі және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен халықаралық деңгейдегі сәйкестігін қамтамасыз етті.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/</u> жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолуға жеткілікті және өзекті дереккөздерді қамтиды. Диссертациялық жұмыста

			барлығы 125 дереккөз қолданылған, олардың 92-сі шетелдік, 33-і отандық ғылыми еңбектер мен ресми құжаттардан тұрады. Бұл дереккөздер зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етіп, алынған нәтижелерді халықаралық және ұлттық деңгейде салыстыра талдауға мүмкіндік берді..
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: <u>1) бар;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеуде ауруларды басқару бағдарламасы шеңберінде мейіргер қызметінің мазмұны мен құрылымы ғылыми тұрғыдан негізделіп, теориялық тұжырымдар жүйеленді. Алынған нәтижелер мейіргер ісі теориясын толықтырып, алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейіндегі басқарушылық үдерістерді терең түсіндіруге мүмкіндік береді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) иә;</u> 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының тәжірибесінде, ауруларды басқару бағдарламасын іске асыруда, сондай-ақ мейіргерлердің кәсіби қызметін жетілдіру мен оқыту процесінде қолдануға жарамды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан азы жаңа)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Автор әзірлеген ұсыныстар ауруларды басқару бағдарламасы аясында мейіргер қызметін ұйымдастырудың тиімді моделін енгізуге және медициналық көмектің сапасын арттыруға бағытталған.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u>	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми тіл нормалары толық сақталған. Жұмыс

		2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	мазмұны ғылыми стандарттарға сәйкес ұйымдастырылған деп бағаланады.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		-
13.	Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ұсынылған диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалған және 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ресми қорғауға ұсынуға болады.

Ресми рецензент:

«Марат Оспанов атындағы
Батыс Қазақстан медициналық университеті» КеАҚ,
Мейіргер ісі курсымен «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»
кафедрасының жетекшісі, м.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор



Ермуханова Л.С.